



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №44 (9597) 1 қараша 2024 ж.

● Президент іссапары



Мемлекет басшысы Шыңғыс хан ұлттық музейіне барды

Осы аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен Моңғолияға барып, Президент Ухнаагийн Хурэлсухпен кездесті. Келіссөздерге дейін Үкімет үйі алдындағы Сухэ-Батыр алаңында ресми қарсы алу рәсімі өтті.

Қазақстан Президентін алаңда құрмет қарауылы және сауыт киген салт атты моңғол жауынгерлері қарсы алды. Құрмет қарауылы бастығының рапортынан кейін екі елдің мемлекеттік әнұрандары шырқалды. Содан соң мемлекеттер басшылары бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев қонақжайлық көрсеткені үшін Ухнаагийн Хурэлсухе ризашылық білдіріп, өзінің Мемлекет басшысы ретіндегі Моңғолияға алғашқы сапарына ерекше мән беретінін атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, Моңғолия – Қазақстанның маңызды серіктестерінің бірі. Қос халықтың дәстүрі мен мәдени-тарихи тамыры ортақ.

Қасым-Жомарт Тоқаев сапар аясында Ұлан-Батыр қаласындағы Шыңғыс хан ұлттық музейін арнайы барып көрді.

2019 жылы ашылған музей қорында 10 мыңнан астам бірегей жәдігер бар. Экспозицияның негізгі бөлігі ұлы қолбасшы әрі жиһангер Шыңғыс хан тұлғасына арналған. Бұдан бөлек көрмеде Ғұн дәуірінен бастап ХХ ғасырға дейінгі Моңғол мемлекетінің қалыптасу кезеңдерін толық қамтитын артефактілер қойылған.

Музейдің тағы бір маңызды міндеті – Еуразия халықтарының көшпелі өркениеті мен мәдени мұрасын зерттеу және оны жан-жақты дәріптеу.

Мемлекет басшысы музейді аралап көріп, Құрметті қонақтар кітабына: «Шыңғыс хан ұлттық музейі – ұлы тұлғаның және тұтас мемлекеттің шежіресі. Руханият ордасы ел игілігіне қызмет ете берсін. Моңғолия халқының мерейі үстем болсын!» деп жылы лебізін қалдырды.

● Кәсіпкерлік

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ САНЫ 60 МЫҢНАН АСТЫ

Жетісу облысында өткен 9 айда шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 60,1 бірліктен асты. Саланың жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 33 % асады, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасының мәліметіне сәйкес биыл шағын және орта бизнесті қаржылай қолдауға 7,4 млрд. теңге бөлінген.

- Осы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша шағын, орта бизнесте 369 жоба мақұлданды. Соның ішінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялауда 249 жобаға, ішінара кепілдендіруде 118 жобаға қолдау көрсетілсе, 5 млн. теңгелік грант беруде 3 жобаны қамту жоспарланған. Осы жобалардың негізінде өңірде 450-ден астам жұмыс орны құрылады. Оған қоса инженерлік-инфрақұрылым жүргізудің 2 жобасына 50,7 млн. теңге қарастырылды, - дейді облыстық кәсіпкерлік және ИИД басқармасының бөлім басшысы Асхат Кәрібаев.

Осындай қолдаудың арқасында облыс орталығында бірқатар шағын кәсіпорындар ашылды. Талдықорғандық кәсіпкерлердің бірі инновациялық жобалар конкурсының негізінде бес миллион теңге мемлекеттік грант ұтып алып, шыны талшықтарын шығаруды жолға қойса, тағы бір талдықорғандық жеке кәсіпкер мемлекеттік гранттың арқасында жиһаз жасайтын цех ашты. Бес миллиондық грантқа кәсіпкер Д.Құмархан сандық бағдарламамен басқарылатын станоктар әкеліп орнатқан.

Жалпы Жетісу облысында осы жылдың бірінші жартысында шағын және орта бизнесте жұмыс істейтіндердің саны 104,7 мыңды құрады. Салада өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтердің көлемі 491,5 млрд теңгені құрады. Бюджетке түсетін салық түсімдері 2023 жылғы деңгеймен салыстырғанда 1,3 есе өсті. Қазіргі кезде олардағы жалпы өңірлік өнімдегі үлесі 33 % асады

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

БАСПАСӨЗ - 2025

Құрметті оқырмандар! Аудан тынысымен танысып, осы өңірдің өткені, бүгінгі және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе

SARQAN газетіне келер жылға жазылыңыз! Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

Зейнеткерлер үшін индексі 35202, жылдық бағасы - 3915,2 теңге.

Жеке жазылушылар үшін индексі 65202, жылдық бағасы - 4915,2 теңге.

Мекеме-ұйымдар үшін индексі 15202, жылдық бағасы - 5915,2 теңге.

КӨК ТУЫМЫЗ КӨККЕ КӨТЕРІЛДІ

Орталық алаңда ұйымдастырылған патриоттық іс-шараға қала тұрғындары мен қонақтары, жалынды жастар қатысты. Аталған шараға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов арнайы қатысып, аудан тұрғындарын салтанатты мерекемен құттықтады.

Алдымен Мемлекеттік ту салтанатты түрде көкке көтеріліп, Әнұранымыз шырқалды. Кейіннен аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары рухты оятатын әндерді шырқап, мерекенің ажарын одан ары аша түсті. Осылайша сарқандықтар бүкіл еліміз көлемінде атап өтіліп жатқан патриоттық іс-шараны жоғары деңгейде ұйымдастырды.

2022 жылы Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдың бірінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Республика күні мәртебесін қайта қалпына келтіруді және оны 25 қазанда Ұлттық мереке ретінде атап өтуді ұсынды. Республика күні Қазақстанның жаңа тарихында еліміздің басты мерекелерінің бірі болып қайта оралды.

Салтанатты жиыннан кейін бұқаралық спортты жандандырып, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында республика күніне арналған аудандық марафон сайысында қатарластарынан оза

25-қазан – Республика күні. Осы Ұлттық мерекеге орай, аудан әкімдігінің ұйымдастыруымен мемлекеттік тудың айбынын асқақтататын салтанатты шара өтті. Ондағы мақсат – еліміздің біртұтастығын көрсетіп, барша қазақстандықтарды бір тудың астына біріктіру, кейінгі буынның бойына отансүйгіштік қасиетін сіңіру болып табылады.



шауып, үздік шыққан жеңімпаздарға аудан әкімінің орынбасары Алмас Байғұнысов бағалы сыйлық, Алғыс хатпен қоса естелік медаль тапсырды.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Мемлекеттік қызметші әрі ерікті белсенді азамат

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен 2020 жыл елімізде «Еріктілер жылы» болып белгіленіп, бірқатар ауқымды жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде, бүгінгі таңда Қазақстанда кез келген азамат еріктілер тобына мүше болып, пайдалы іске өз үлесін қоса алады. Өткен жылы Мемлекет басшысы Халықаралық волонтерлер форумында сөйлеген сөзінде мемлекет пен қоғамның сенімді серіктестігі маңызды екенін атап өтіп, еріктілер қоғамда айрықша рөл атқаратынын атап өтті.

Әр түрлі салада еңбек етіп жүрген азаматтар, әсіресе жастар, студенттер мен оқушылардың ерікті қызметке қатысуы арқылы белсенді өмірлік ұстаным дағдыларын қалыптастыруы қоғам тарапынан айрықша ықыласқа ие болары сөзсіз.

Ерікті азаматтардың қатарында ерікті қызметпен тұрақты айналысатын мемлекеттік қызметшілер де аз емес. Олар өздерінің іс-әрекетімен, яғни көшелерді көгалдандыруға, табиғатты, демалыс орындарын тазартуға, қан донорлығына және басқа да іс-шараларға белсенді қатысу арқылы еріктілер қозғалысының қатарын кеңейтеді және азаматтар арасында құрметке, алғысқа лайықты болып отыр. Мемлекет басшысының бастамаларын жергілікті жерлерде тиісті деңгейде орындау үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің жанынан «Еріктілер кеңесі» консультативтік-кеңесші органы құрылып, мемлекеттік қызметшілер арасында еріктілер қозғалысын

үйлестіруді, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің ерікті бастамаларын және осы саланың талаптарының үйлесімдігін қамтамасыз етуді жүзеге асырып келеді.

Жетісу облысындағы ерікті мемлекеттік қызметшілердің ішінен ҚР Сауда және интеграция министрлігінің Жетісу облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің бас маманы - мемлекеттік қызметші Ғазиз Аманжолұлы ерекше атап өтуге болады. Ғазиз Аманжолұлы өзінің негізгі қызметінен тыс уақытта қоршаған ортаны қорғау, мұқтаж азаматтарға көмектесу, сондай-ақ қоғам өміріндегі өзге де мәселелерге белсенді араласып, түйткілді мәселелерді шешуге тікелей қатысып келеді.

Мысалы, экомобелсенді ретінде ол елімізде экологиялық мәдениетті арттыруға, аумақтарды тазарту мен абаттандыруға, қоршаған ортаның ластану мәселелеріне назар аударуға және халықтың тазалық пен табиғатты сақтау үшін жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған «Таза Қазақстан» республикалық акциясын белсенді қолдайды. Элеуметтік бастаманы іске асыру үшін экомобелсенді шілде айында элеуметтік желілер арқылы жетісулықтарға хабарлап, нәтижесінде бірқатар мекемелер мен азаматтардың қолдауына ие болды. Сондай-ақ, 2021 жылдан бері өзінің ауласында қоқысты металл, пластик-шыны, макулатура, целлофан фракцияларына бөліп, қоқыс өңдеу мекемелеріне өткізуді әдетке айналдырған. Осы жұмыстан түскен қаржы тікелей «Харекет» және басқа да қайырымдылық қорларына

аударылады. Ғазиз Аманжолұлының ақпаратына сәйкес, осы жылдар ішінде қалдықтарды өткізуден түскен 100 мың теңгеден астам қаражат қайырымдылық қорларына жіберілген. Сонымен қатар, «Таза Қазақстан» республикалық акциясын қолдау мақсатында Ғазиз Аманжолұлы элеуметтік бастама көтеріп, осы жылдың 23 тамызында өз қаражаты есебінен Талдықорған қаласында тұратын аз қамтылған және көпбалалы отбасыларына қоқыс сұрыптауға арналған 100 қоқыс жәшігін табыстады. Бұл бағыттағы тағы бір жұмыстарының бірі – қоршаған ортаны таза ұстау мақсатын көздей отырып әртүрлі жастағы және кәсіптегі адамдарды біріктіретін сенбіліктер мен экологиялық акциялардың ұйымдастырушысы. Экомобелсендінің жеке үлгісі әріптестері мен сенбіліктер өтетін елді мекендердің тұрғындарын бастамаға қосылуға және ортақ іске үлес қосуға сөзсіз шабыттандыруда.

Бұдан бөлек, 1985 жылдан бері Қазақстан Республикасының аумағында құжатсыз тұрып жатқан Өзбекстан Республикасының тумасы Д.Атажановтың мәселесін шешуге атсалысып, биылғы жылы «Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ куәлігі» деген статуста паспорт алуға көмек көрсетті. Д.Атажанов 2014 жылдан бері Талдықорған қаласының «Өмірлік қиын жағдайда қалған адамдарға арналған элеуметтік бейімдеу орталығында» қызмет алушы және ресми тұрғылықты жері жоқ деп тіркелген болатын. Ғазиз Аманжолұлының айтуы бойынша, қазіргі уақытта қария Қазақстан Республикасының қорғауына алынды

және алдағы уақытта оған зейнетақы төлемін тағайындау бойынша тиісті жұмыстар жүргізіледі.

Сондай-ақ, Ғазиз Аманжолұлы Талдықорған қаласындағы облыстық мамандандырылған балалар үйінде 2008 жылдан бері бассейнің жұмысы тоқтап қалғандығын элеуметтік желіге жариялап, нәтижесінде, аталған бассейнге жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Әріптесіміздің мемлекеттік қызметтегі және қоғамдық жұмыстардағы еңбектері еленіп, марапаттарға ие болуда. Осы уақытқа дейін Ғазиз Аманжолұлы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алғыс хатымен, «AMANAT» партиясы басшылығының құрмет грамотасымен, сондай-ақ, республикалық ұйымдар, басқарма басшылары, орталықтардың директорларының алғыс хаттарымен марапатталды. Алматы облысы әкімінің «Көшбасшы» жастар сыйлығының «Жас саясаткер» номинациясын, Жетісу облысы әкімінің «Көшбасшы-2024» жастар сыйлығының «Үздік волонтер» номинацияларының иегері. Еліміздің облыстары мен республикалық маңызы бар қалаларында биылғы жыл алғаш рет өткізілген өңірлік кадр резервінің іріктеу кезеңдерінен өтіп, Жетісу облысының өңірлік кадр резервіне алынған 20 жастың қатарынан көрінді.

Ғазиз Аманжолұлының кәсіби қызметпен қатар, қоғамдық жұмыстардағы өзекті мәселелерге тікелей қатысуы бүгінгі жастарға үлгі. Жеке жауапкершілік пен өз еліне деген сүйіспеншілік азаматтарымызды жақсы жаққа бағыттаудың көрінісі деуге болады. Оның қоршаған ортаны қорғауға және қоғамдық бастамаларды дамытуға қосқан үлесі құрметке лайық.

Қобылан МАНАП,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Жетісу облысы бойынша
департаментінің басшысы.

Дін

Жалпы «фанат дегеніміз қандай болады және оның көздегені не?» деген сұрақтар алдымыздан жиі шығатынын жасыра алмаймыз.

Оған жауап та бар: Фанат деп өзін қандай да бір міндетке арнаған және көзі одан басқа ештеңені көрмейтін жанды айтады. Ол өз мақсатына жету үшін бейсаналы түрде қолында бардың бәрімен тәуекел етуге даяр. Бұл түсінікті болды делік. Ал, біз қазіргі күні халықты алаңдатып отырған «діни фанатизм» жайлы орамды ойымызды ортаға салып көрелік. Өйткені ақпар мен бағдардың дұрыстығы – адам атаулыны адасушылықтан ауыздықтайды.

Бұл жерде біз мәселенің екі ұшын ажыратқанымыз абзал: кәдімгі фанат пен діни фанаттың арасындағы айырманың арасы жер мен көктей. Діни контекст «фанатизм» ұғымымен араласқан жағдайда алаңдауға негіз туындайды. Пенде шіркіннің бас-көзсіз тұңғыш шыңыраудың түбіне кетіп, ешкімді көрмей, ешкімді естімейтін күйге түсуі – діни догманың жетегіне жығылып кетуінде.

Қазақ деген қарға тамырлы халықтың дінге деген көзқарасы қашанда байыпты ұстанымда болған. Ата-бабамыз ұстанған жолда дін мен салт-дәстүр өзара үйлесім тауып, сабақтастық салтанат құрған. Тарғыл тарихтың сантарам беттеріне көз тастасаңыз, Алтай мен Атыраудың арасындағы ұлан-ғайыр атырапта діни негіздегі қақтығыстардың болмағанын көресіз. Ал, қазіргі күндері өз идеяларын абсолютті ақиқат ретінде санайтын дәстүрлі емес діни ағымдардың

ДІНИ ФАНАТИЗМ МЕН СОҚЫР СЕҢІМНЕН АДА БОЛАЙЫҚ!

әсерінен діни негіздегі алалаушылық пен бөлінушілік көбейе түсті. Деструктивті діни ағымдардың теріс көзқарастағы идеяларының әсерінен Қазақстанның діни алаңында фанаттар қатары пайда болды.

Осы деструктивті ағым ұстанушылары кесірінен «фанатизм» атты дерттің одан сайын асқынып келе жатқаны көңілге кірбің ұялатады. Олардың қандай да бір сенімге немесе көзқарасқа шексіз адал болуы және өзге көзқарастарға төзімсіздік танытуы бір жағынан әрбірімізді ойлантуы тиіс. Өйткені өзінен басқа ешкімді мойындамайтын, ешкіммен санаспайтын діни фанаттар өзінің қалауын, өзінің ойын, пікірін басқа адамдарға орындатқысы келеді. Осы әрекетімен ол басқаларды абсолютті ақиқатқа жеткіземін деп санайды. Ал мұндай фанаттық сана типінен радикалды ойлар өсіп шығатынын ескеретін болсақ, тағы да айналып келіп сол қауіпке қайта ораламыз.

Жат ағымдағылардың сананы бақылау әдістері діни фанат тұлғасын өсіріп шығаратын алғышарт болып табылады. Өйткені адам баласы өмірге бейімделе бастаған сәтінде бірден фанат болып кетпейді. Оның ұраншыл, төзімсіз сенуші болып кетуіне лидерлерінің сөздері, берген бағыт-бағдарлары, кітаптары т.б. әсер етеді.

Діни фанатизмге душар болған жандардың жан дүниесінен психологиялық өзгешіліктер аңғарыла бастайды. Нақтырақ айтқанда, ол

тұлғалардың мінез-құлықтарынан келесідей мысалдар көрініс береді:

Біріншіден – олар әрдайым назарда болуға және ел ықыласын өзіне аудартуға ұмтылады. Барлық қызметі осы мақсатқа бағытталады. Бұл мысалдың негізінде, дінді құрал ретінде пайдаланатын және жариялайтын, бірақ ішкі жан-дүниесі оның негізгі талаптарын орындамайтын фанат өсіп жетіледі.

Екіншіден – олар эмоцияларын әлсіз байқатады және көп жағдайда томаға-тұйық күйде жүреді. Мұндай мінез негізінде, дінге бет бұрған, десе де тек өзіне ғана көңіл аударатын адам өсіп жетіледі. Олар өз әрекеттерінің айналадағы адамдарға қалай әсер ететінін аңғара бермейді.

Үшіншіден – олар қаталдық, кенеттен келетін агрессивті қарсылық сынды реактивті әрекеттерімен ерекшеленеді. Сонымен қатар, олар жақындарына, қоршаған ортаға суық қалып танытады. Өзгелерге деген өшпенділіктері басымырақ болады.

Төртіншіден – олар кекшілдігімен ерекшеленеді. Аталған тип негізінде фанаттық тұлғаның өсіп жетілуі өте қауіпті.

Тағы бір айта кетерлік жәйт: діни ұйымдар өз қатарларына жаңа мүшелерді тартқан кезде оларға «сананы тазарту» операциясын жүргізеді. Яғни тұлғаның өткен өмірін толық ұмыттырып, оған деструктивті ұйымның идеологиясын сіңіру мақсатында жұмыс жасайды. Теріс бағыттағы діни ұйымға

кірген азамат жаңа ортаның талаптарын бұлжытпай орындай бастайды. Тұлғаны өздеріне толықтай тәуелді ету – деструктивті діни ұйымдардың басты мақсаты.

Діни фанат өзі ұстанған діннің нормаларына қайшы келетін пікірлер мен ұстанымдардың кез келгеніне төзімсіздік көрсетеді. Ол агрессиялы эмоцияға беріліп, өз идеясын қорғау үшін психологиялық күреске түседі. Діни фанатизмге бой алдырған азаматтардың көзқарасы мемлекеттің мүддесіне, ұлттық сана-сезімге қарама-қайшы келеді. Өз өмірлерінен патриотизмді, саяси белсенділікті ысырып, деструктивті діни идеяларды негізгі құндылыққа айналдырады. Мәселен, ДАИШ ұйымы жақтастары «Ислам мемлекетін орнатамыз» деген желеумен Сирия, Ирак аумағында қанды қырғын жүргізіп, сан мыңдаған адамның жарық дүниемен қоштасып, миллиондаған адамның отанын тастап, босып кетуіне себепкер болды. ДАИШ мұнымен тоқтамай, Сирия, Ирак аумағындағы ежелгі өркениет ескерткіштерін де қиратып, вандалдық әрекеттерге барды.

Міне, сондықтан да бізге әрбір дүниеге байыпты әрі салмақты, сараланған көзқараспен қарау керек. Эмоцияға ерік бергіш қалыптан арылып, ақ пен қараның ара-жігін айырып үйренейік! Қорыта қайырғанда, бізге бабаларымыз сан ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздігімізді сақтап қалу міндет. Ол үшін ұлттық бірегейлік пен тұтастықтың тұғырын құлатып алмауымыз шарт. Діни фанатизм мен соқыр сенімнен ада болайық!

Дидар САҒЫНҒАЛИ,
аудандық ішкі саясат, мәдениет,
тілдерді дамыту және спорт
бөлімінің басшысы.

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық - заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке қоғам болып қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние – байлық неге керек, денсаулығың болмаса, Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз төтенше жағдайлар бөлімінде еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз адал қызмет жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

Еркебулан ЖАПАРҒАЛИ,

Сарқан ауданы ТЖБ аға анықтаушысы, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі ережелері

Тұрмыстағы өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамау тек қана мүліктің бүлінуіне ғана емес, сонымен қатар адамдардың қаза болуына әкеп соқтырады. Тұрмыстық өрттердің статистикасы облыс аумағында өрттердің ең көп саны тұрғын үй секторында орын алатындығын дәлелдейді. Әдетте, олардың барлығы электр сымдарының немесе жылыту аспаптарының ақаулығына байланысты.

Тұрмыстық өрттердің ең көп саны жеке сектор объектілерінде тіркелген, онда қауіпсіздік ережелерін сақтау жауапкершілігі меншік иесінің өзіне жүктелген. Сонымен қатар, 57% - дан астам жағдайда өрт отты абайсыз пайдалану салдарынан (темекі шегу, алау және т.б.) орын алады. Көптеген өрттер балалардың отпен ойнауынан туындайды. Сарқан аудандық ТЖБ азаматтардың өрт қауіпсіздігі ережелерін барынша жауапкершілікпен сақтауға, сақ болуға және өртті сөндіруден гөрі алдын алу әлдеқайда оңай екенін есте сақтауға шақырады. Балаларды қараусыз қалдырмаңыз, төсекте темекі тартпаңыз, тұрмыстық және басқа да техниканы пайдалану жөніндегі нұсқауларды сақтаңыз, электр сымдарының оқшауламасы бұзылған аспаптарды пайдаланбаңыз.

Пәтерде өрт орын алған жағдайда жүргізілетін профилактикалық алдын алу іс-шаралары: Үйде бензин, керосин, тез тұтанатын сұйықтықтарды сақтамаңыз; Ең болмағанда бір өрт сөндіргішті сатып алыңыз; Қосылған электр және газ плиталарын, шәйнектерді, үтіктерді, қабылдағыштарды, теледидарларды, жылытқыштарды қараусыз қалдырмаңыз; Электр сымдарының, розеткалардың жарамдылығын қадағалаңыз; Бір розеткаға бірнеше тұрмыстық электр аспаптарын (әсіресе үлкен қуатты) қоспаңыз; Ашық отта бояуларды, лактарды және т. б. жылытпаңыз.

Алайда бірінші кезекте бір негізгі ережені есте сақтауға кеңес береміз: ашық жану туралы айтпағанда, жеңіл түтін иісін сезген бойда, дереу «101» немесе «112» телефондары арқылы өртке қарсы қызметті шақырыңыз.

Әділет ҚАБДЕШОВ,

Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Мұра қабылдау мерзімі

Жақын адамның дүниеден өтуі адамға қанша қайғы әкелгенімен жақындары оның дүние-мүлкінің құқықтық жағдайын заң бойынша уақтылы реттеуге тиіс. Ол үшін заң бойынша 6 айлық мерзім белгіленген, яғни қайтыс болған адамның, заң тілімен айтқанда мұра қалдырушының ата-анасы, жұбайы, балалары, заң тілімен айтқанда оның мұрагерлері адам қайтыс болған күннен бастап 6 ай мерзім ішінде нотариат кеңсесіне келіп, мұра қалдырушының мұрасын қабылдайтыны немесе одан бас тартатыны туралы мәлімдеу керек. Егер мұрагер Сарқан ауданынан басқа жерде тұратын немесе жұмыс жасайтын болса ол өзінің баруына ыңғайлы кез келген нотариат кеңсесіне барып, мұраны қабылдау немесе мұрадан бас тарту туралы арызын жазып, нотариус арқылы куәландырып, Сарқан ауданындағы басқа мұрагерлерге, немесе тікелей нотариат кеңсесіне пошта арқылы жіберуіне болады. Ең бастысы бұл әрекеттердің барлығы мұра ашылған соң, яғни мұра қалдырушы қайтыс болғаннан кейін 6 айға дейінгі мерзім ішінде жасалуы керек. Осы ретте қарапайым халық 6 ай мерзімді шатастырып жатады. Айталық мұра қалдырушы зейнеткер делік, оның соңғы бір айының зейнетақысы алынбай қалды, пошта торабындағылар мұрагерге енді 6 ай өткен соң келесің дейді, мұрагер 6 ай өткен соң барады, пошта торабындағылар нотариустан мұраға құқық беретін куәлік әкел дейді. Мұрагер нотариусқа келеді, нотариус 6 ай мерзім өтіп кеткендіктен мұрагер сұраған куәлікті бере алмайды. Осыдан бастап «мұра қабылдау мерзімін қалпына келтіру» деген әрекет басталады, ол сот шешімі арқылы жүзеге асады, сот алдын ала анықталған шарттар сақталғанда ғана арызды қанағаттандыру туралы шешім шығарады. Егер заңда көрсетілген мерзім сақталса, яғни азаматтар жақыны қайтыс болған соң 6 ай өтпей тұрып нотариат кеңсесіне келсе осы артық әрекеттерді жасаудың қажеттігі болмайды. Ал мұра қалдырушының атында үй жай, техника, жер қалып жатса және бұл дүниелердің құжаттары аяғына дейін тиісті түрде жасалмаса жағдай күрделене түседі. Қалай болғанда да мұрагерлердің мұра ашылған соң 6 ай мерзім өтпей тұрып нотариустан қажетті кеңес алуы керек, бұл оның уақытын да, қаражатын да сақтауына ықпал етеді.

Н.МУСАБЕКОВА,
нотариус.



Табиғат

Жабайы жануарларды қорғауға бағытталған жұмыстар

Жабайы жануарлардың қалыпты көп болуы табиғаттағы биосфераның табиғи тепе-теңдігін сақтауға көмектеседі. Көптеген жануарлар жылдың белгілі бір уақытында өте алыс қашықтыққа қоныс аударады. Көші-қон орны, тіршілік ету ортасы сияқты, белгілі бір климат, ландшафт және табиғи жағдайларға ие.

Қазіргі кезде жануарлар түрлерінің азаюына, негізінен, антропогендік факторлар әсер етеді. Ондай факторларға шектен тыс аулау, тіршілік ететін орта жағдайларының өзгеруі, ретсіз жерсіндіру, судың, топырақтың ластануы және т.б. жатады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға табиғи қорықтар, ұлттық парктер мен қорықтар кіреді. Осы аумақтарда мекендейтін жануарларды қорғау – мемлекеттік инспектордың басты міндеттерінің бірі болып табылады.

«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының мемлекеттік инспекторлар құрамы жабайы жануарларды қорғауға бағытталған келесі жұмыстарды атқарады: филиал аумағында қасақылықтың алдын алу мақсатында рейдтік шолу жұмыстары; ақпараттық құралдар желісіне тиісті ақпараттар; байланыс құралдары арқылы кезекшілік; қасақылыққа қарсы кездесу, экологиялық ағарту шаралары; фототүзақтар мен санақ жұмыстары; биотехникалық іс-шаралар. Биотехникалық шаралар – жабайы жануарлардың мекендеу ортасын қорғау және жақсарту шаралары. Жабайы жануарларды азықтандыру биологиялық жағынан да, экономикалық жағынан да негізгі және жеткілікті тиімді шаралардың бірі. Оның мақсаты – қолайсыз климаттық жағдайларға байланысты аштықтан жабайы жануарларды сақтап қалу.

Жануарлар дүниесі биосфераның құрамдас бір бөлігі. Жануарлардың табиғатта және адам өмірінде маңызы зор. Табиғаттағы тіршілік тізбегінде олардың әрқайсысының өз орны бар. Табиғатты, флора және фауна өлемін қорғау – әр азаматтың міндеті.

С.САЛКИМБАЕВ,

«Жоңғар Алатауы МҰТП» РММ Сарқан филиалының мемлекеттік инспекторы.

Всемирный день снежного барса

Снежный барс является одним из государственных символов Казахстана и имеет большое общественное значение, отражая бесценное природное и культурное наследие нашего народа.

23 октября отмечается Всемирный день снежного барса – национального символа Республики Казахстан.

Снежный барс является одним из самых редких животных Казахстана, который внесен в Красную Книгу Республики Казахстан решением Правительства в 1978 году, также внесен в Красный список Международного Союза Охраны Природы (IUCN) и в Приложение I Конвенции о международной торговле видами фауны и флоры (СИТЕС), как вид, находящийся под угрозой исчезновения. Присвоение такого статуса говорит о том, что вид нуждается в принятии экстренных мер по его охране, изучению и восстановлению численности всеми государствами, где он обитает.

Снежный барс является одним из государственных символов Казахстана и имеет большое общественное значение, отражая бесценное природное и культурное наследие нашего народа. Нарастающая интенсивность освоения горных экосистем и потребления биологических ресурсов, сокращение ареала и численности ирбиса угрожают его существованию как вида и диктуют необходимость принятия эффективных мер по его сохранению.

В Казахстане снежный барс с 1978 года (с первого издания Красной книги) включен в категорию редких и находящихся под угрозой исчезновения видов и охраняется законом.

По учетным данным, в Республике Казахстан обитает около 130 особей снежного барса. Два самых распространенных региона обитания вида - Джунгарский (Жетысуский) Алатау и Северный Тянь-Шань - включены в список наиболее значимых в мире

Аң санағы

Көктем мен күз бірқатар аң-құстың қоныс аударатын мезгілі. Аңдарды қойып, шегіртке секілді ұсақ жәндіктердің өзі қолайлы жер іздеп, мыңдаған шақырымды артқа тастайды екен. Қорықшылардың да тау-тасты, орман-тоғайды кезіп, аң санауға кірісетін уақыты осы. Санақтың да сан түрі бар. Бір аңды ізімен санаса, арқар, таутеке сынды тұяқтыларды саусақпен-ақ санап алуға болады. Фототүзақтардың да пайдасы тиетін кезі осы. Заманауи құрал-жабдықтар да пайдаланылады.

Жыл сайын белгіленген кестеге сәйкес «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қызметкерлері аң-құстарды есепке алуға кіріседі. 2010 жылдан бері өңірде аң саны көбейген. Демек қорық құрылып, аң-құстар қорғауға алынғалы атуға мүлдем тыйым салынған. Ұлттық парк аумақтарында аң аулауға қатаң тыйым салынған. Сондықтан да қару асынған аңшылар алынған аймақтарға кірмейді. Қорықшылар аң санаққа жыл сайын шығып, аң-құстардың мекеніне дейін зерттеу жүргізеді, сараптама жасайды. Ойлап отырсақ, табиғаты әсемсал Жетісу өңірінде мемлекеттік ұлттық табиғи парктің құрылғаны өте-мөте дұрыс шешім болған. Парк құрылғалы ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Оны бір мақала аясына сыйғызу мүмкін емес. Табиғатқа шынайы жанашырлық танытатын мамандар қазіргі таңда табиғат байлығын көз қарашығындай сақтап, оны келер ұрпаққа осындай таза, әсем қалпында қалдыру жолында қажырлы еңбек етуде деуге толық негіз бар. «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің қызметкерлері табиғатты қорғауға және оның байлықтарын тиімді пайдалануға үнемі қамқорлық жасап келеді. Жануарларды сақтап, қорғауды қамтамасыз етуде, аң аулау ережесін бұзуға қатаң тосқауыл жасау біздің басты міндетіміз.

Т.ТОКТАРОВ,

Аманбөктер орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

участков для барса.

На территории «Жонгар –Алатауского ГНПП» по изученным данным по состоянию на 2024 год насчитывается около 30 особей снежного барса. Популяция снежного барса на территории парка стабильно улучшается, если популяция стабильна значит условия для обитания этого величественного животного вполне благоприятны для дальнейшего проживания.

В целях просветительских работ и привлечения общественности к сохранению популяции снежного барса инженерами экологического просвещения ежегодно проводятся различные творческие конкурсы и мероприятия.

Ведь охрана и защита природы и ее обитателей - наша прямая обязанность как государственных инспекторов, стражей природы.

А.НУРГОЖАНОВ,
лесничий Аманбөктерского
лесничества Сарканского филиала
РГУ «Жонгар-Алатауский ГНПП».

Нүсіпхан ҚЫСТАУБАЕВ

Ханның қазына жасағы ұрыс алаңында қалған қару-жарақ, мал-мүлікті жинап, теріп, санаққа кіргізіп, өлген қалмақтарды жеке обаға көміп, қазақ сарбаздарын арулап жерлеп, асықпай жылжып келе жатады. Негізі, ханның төлеңгіттерінен құралған бұл қосын ішінде бұрынғы соғыстарда жарақат алып мертіккен, алапат ұрысқа кіре алмайтын әр түрлі ру, тайпа өкілдері де бар. Солардың бірі шолақ қол тарақты Талас батыр. Ардагер етпетінен құлап өліп жатқан бір қалмаққа келіп оны шалқасынан аударды, Қалмақ «әуф» деп, әлсіз тыныс алғандай үн шығарады. Мойнынан бастап жотасына дейін шапқан қылыш ізі, ол аздай қара саннан қадалып осып кеткен найза жарасы қан қатып, мүңсіп, іріңдей бастаған.

-Әй, мына қалмақ тірі сияқты...

Серіктері келіп қарап: -Қайтесің, өлген есепті, ана шұқырға итере салайық, бәрібір мал болмайды!-дейді.

-Әсілі, обал-ау, шыбын жаны өлі шықпаған, көре тұрайық. Қазір өлсе қазір көлеміз, қайда қашар дейсің, жау да болса адам баласы ғой...

Талас батыр қалмақтың аузына торсықтан су тамызып көріп еді ананың тамағы бүлкілдегендей болды. -Ей, мынауың өлетін емес...

Талас тұр-тұлғасы, киімі біршама тәуір қалмақты арбаға салып жасақ тәуіпіне алып келеді. Емші көріп, жараларын жуып тазартып, тігіп, май жағып матамен таңып береді.

Талас батыр әлі де ес-түссіз жатқан қалмақты өлім алдында тастап кетуге қимай ауылына әкеліп әйелінің қолына тапсырады: -Мынаны күтіп, бақ, емде, дәм тұзы таусылмаған болса адам болып кетер. Кім білсін, менің шолақ қолымды ұзартар, бәлкім,- дейді, тағы да жолға шығар алдында.

Жәңгірдің, қалмақтың есімі осылай екен, қатарға қосылуы оңай болған жоқ, апталап емес, айлап жатып, емделіп, әрең дегенде бас көтерді. Жәңгір бір күні Таласқа айтты: -Батыр, сенің маған жасаған жақсылығың менің жүрегімді тебіrentті, мені өліп қалған жерімнен қайта тірілтіп алдың, бұл іске тәңірі өзі дем берген шығар. Осы ұлы еңбегіңе мен де ұлы жауап қайтаруды адамгершілік парызым деп білемін. Енді өле-өлгенше сенің құлың, қызметшің боламын. Өзім ғана емес, менен тараған жетінші ұрпағыма дейін сенің ұрпақтарыңа құл болады, адал қызмет етеді, соған ант етемін!-деді...

Кейін белгілі болғандай, Жәңгір қалмақ ішінде біршама танымал, көріпкел, әулиелік қасиеті де көріне бастаған кезі екен, бірақ соған қарамай, мүмкін, солай болғандықтан да шығар - Таласқа берген антына адалдығын айнымай ұстанып, қазақ ортасында да сыйлы, беделді қалпымен өмірден өтті. Таластың жетінші ұрпағына дейін қарыздар боласың деген ұстанымын өз балаларының құлағына сіңіріп, қатаң қадағалап отырыпты. Ол жолдан айнысаң жаманшылыққа кезігесің деп сендірген. Солай болған да сияқты.

Мырзағұл аға бақиға аттанар алдында орта бойлы, қараторы Сәттібекті қасына отырғызып өсиет айтты.

- Әй, балам, сені осы уақытқа дейін құл демедік, қызметшіміз деп кемсітпедік, бауырымыз, баламыз деп еркін ұстадық. Былайғы жұрт та, ағайын да солай деп білді, біз білгізбедік. Сенің әкең де, арғы аталарың да біздің әулетке антпен байланғанымен бізден еш жамандық көрген жоқ, ет жақын туысымыздай болдындар. Мен өз атамыз Талас бабаның қара шаңырағына ие болып келе жатқан соңғы тұяғымын, ұлым да болды, қызым да болды, амал қанша, бұ дүниеде тұрақтай алмады. Енді мен

СОҢҒЫ ҚҰЛ

(әңгіме)

Бұл хикая қазақ пен қалмақ соғысының ақырғы, шешуші шайқастарының бірінен, мүмкін, әйгілі «Шаңды жорық» оқиғасынан бастау алады. Қазақ әскері қызыл қырғында жау шебін бұзып, ығыстырып, қуалай соңына түседі. Қан сасыған майдан алаңы екі-үш күн құлазып жатады, өртке оранып түтін сасыған құба бел, ыңырсып жатып жарадан өлген жау, ауыздығымен су ішіп, иесіз оттап жүрген жауынгер аттар...- сол тұстағы дала көрінісі.

солардың қасына барамын. Сен де атаң Жәңгірдің бізге аманат еткен, біздің қолдағы жетінші ұрпағысың. Ара жігіміз ашылатын кез келді. Сен енді азатсың, ешкімге тәуелді емессің! Алдың ашық, өз жолыңды тап, бақытты бол, айналайын. Мен батамды бердім!-деді.

Мырзағұл өзі туып өскен Егізқара ауылы ғана емес, Шынжылы өзені бойындағы мұқым елге белгілі беделді адам еді, бүкіл ауыл, аймақ болып жылап қоштасып төбе басындағы өз ұрағатының қасына апарып жерледі.

Бір жыл өте шықты, шалы Мырзағұлдың жылы берілген соң бір күні Бәтима апа Сәттібек пен Күлғайшаны алдына алып, қоштасу сөзін айтты. -Әй, жандарым, алтындарым,-деді,-мені түсініңдер, енді қалған аз ғұмырымды өз ағайындарым арасында, өз ұямда, өз бауырларымның қасында өткізейін деп шештім. Тарақтыдан бұл ауылда төрт-бес үй ғана болушы еді, өлгені өліп, тірісі қызмет қуып басқа ауылдарға кетті. Енді мен қарайлайтын ешкім, ештеңе қалмады. Сендерге масыл, жолдарыңа кедергі болмайын!

Сәттібек пен Күлғайша қанша жалынып өтінгенмен өз шешіміне іштей бекінген Бәтима апа илікпеді: - Маған ана көк бие мен арбаны берсеңдер



болды, қалған қара орман, мал-мүлік, бау-бақша толық сендердікі, игілігін көріңдер, Мырзағұлдың шаңырағының берекесін кетірмей, қастерлеңдер!

Бәтима апа арбаға өзінің киім-кешегін, кесе-табағын, бір-екі көрпешастығы мен Мырзағұлға колхоз сыйға берген қызыл кілемді тиіп алып Сапақтағы төркініне жол тартты. Сәттібек пен Күлғайша бірге ілесіп барып құрметпен жеткізіп салды...

Сәттібек шаруаның тізгінін өз қолына алған соң Мырзағұлдың ақыл, айласынсыз-ақ оны дөңгелетіп әкетем, өркенді болам деп дәмеленген еді, олай болмай шықты. «Өзім дегенде өгіз қара күшім бар» дегендей колхоз шаруасында болсын, үй шаруасында болсын қанша тырысып, селдетіп тер төгіп еңбектенгенімен ісі өрге баспай-ақ қойды. Күлғайша құрсақ көтермеді, мал басы да құралған жоқ, құралмақ түгілі Мырзағұлдан қалған азын аулақ

қой-ешкі, колхоз малына Мырзағұл қосып қойған үш-төрт бас жылқы мен анау қасқа сиырдың төлі де жылда шетінеп, қарасы азая берді, қолда бары ас-су қажеттілігімен пышаққа түсті. Төрт жылдан кейін қараса ауласы жұттай болып аңырап тұр екен. Сәттібек түсінбей дал, не қылдым, не жазығым бар деген ой миын құртша кеміріп барады. Бір мезгіл өзінің маңдайына жазған құлдық тағдыры себеп шығар деп шешті. Қожайынсыз өмір сүре алмайтын шығармын деп ойлады. Оған Күлғайша бұрқан-талқан: -Не айтып тұрсың сен, қайдағы құлдық тағдыр, қайдағы атаның анты! Қай заманда өмір сүріп жүрсің, әне, Гагарин космосқа ұшып келді, сен болсаң кер заманның адам сенбейтін бір ертегісің толғайсың!

Не болса да сөйлесіп келейін, мүмкін шешімін сол кісі айтар деп екеуі бір жолы Бәтима апайға барып сәлем берген. Бәтима балаларын көріп қуанып қалды. Соңынан жөн сұрасып отырғанда Сәттібек бар сырын жасырмай жайып салды. -Ауылдан сіз көшкелі шаңырақтан береке кетті, жасым болса қырықтарға аяқ бастым, әлі перзент иіскер емеспін. Бір қырсық аяқтан шалып тұр, кімнен, неден көрерімді

ет, жалбарын, кім білсін, жұмбағың сонда шешілер...

Сәттібек Байқуат молданы бір тоқтымен әрең икемге келтіріп қасына ертіп алды да екеуі екі ат мініп жолға шықты. Неде болса Шыбынды тауына бір шығып қайтпақ. Жолым бола қояды-ау деген аса сенімі де жоқ, құдай-ау, қай заманда көмілген топырақтан не белгі қалды дейсің... Апасы айтқан соң неде болса көрмек еді.

Шоқша сақал, сарғыш өңді, көкшіл көз Байқуат молда оқығаны да, көргені де көп көсем адам еді, былай шыға кесіле сөйлеп келеді. Екі аттылы аудан орталығы Андреевка ауылынан өтіп Үшарал қаласына шығатын жолмен Жамбылды бетке алған.

-Бұл Андреевканың бұрынғы, ескі аты Борша еді,-деп, Байқуат аға жаңа бір әңгіменін ұшын шығарды.

-Борша?

-Ия. Баяғы жаугершілік заманда жер шолып осы өңірге аяқ басқан бір топ қазақ қолын қалмақтар күні бұрын біліп, тосып алып қоршап, садақпен атып қырып салады. Ол аздай қылышпен кескілеп, боршалап, турап тастайды. Содан жер аты Борша аталып еді, кейін орыс переселендері қоныстанған соң Андреевка болып кетті ғой.

-Ее, бұл жақта да соғыс болған екен ғой...

-Болғанда қандай, қайсібірін айтып тауысарсың. Шыбындының арғы, бергі жазығы, қойнау-қолтықтары тұнып тұрған тарих қой. Бәрін айтта бірін айт деген. Осы Боршаның астында өте бір көне қаланың үйінділері жатыр, анау бір төмпешіктерді көрдің бе?-деп молдеке өзеннің арғы қабағын нұсқады.

-Ия, бір ағарғандар бар сияқты.

-Солар ескі қаланың орны. Оны әлі ешкім білмейді, зерттелген де жоқ, бізге ата-бабадан жеткен еміс-еміс көмескі сөз ғана, бір күндер сәтімен келері хақ. Зерттелер, ашылар бар шындық.

Жолаушылар бұлақ суы мол аққан сайдың қойнауына бойлай енді.

- «Монша» сайы деген жер осы.

- «Монша» деген аты біртүрлі, оғаш екен...

- Бұл енді бертінгі заман ескерткіші. Өзің білетін қанқұйлы атаман Анненков Үшаралды басып, сосын мына Андреевканы алып, ары қарай Черкасск қорғанысына шабуыл жасар алдында осы сайда ағаштан кесіп монша салғызып, әскерін жуындырып, дем алдырған көрінеді, содан бері сайдың оты «Монша». Саған тағы бір қызық айтсам ба, айтпасам ба... деп дұдамал ойда келемін. Аузыңа берік болсаң айттайын, тек ешкімге тіс жарушы болма.

-Айтыңыз, бала емеспіз ғой.

-Айтсам, Семейде құрылған алаш полкі де міне осы өңірде, біздің Екпінді жерінде, таудағы Лепсинскіде шеп құрып, Черкасск қорғанысын алған. Білетіндер бар, алаш әскерінің қатарында болған бірлі жарым адамдар біздің ауылда да болған, бірақ аузыңа абай бол, ішің білсін, әлуай...-деп, Байқуат аға тағы бір ескертіп өтті.

Шыбындының шоқысына көтерілгенде биіктен қарасаң айдай әлем көрінеді екен. Мұнда самал жел соғып тұр, ол да шаршап келген жанға дауа сияқты. Не күш екені түсініксіз, бір құдірет бойға қуат беретін тәрізді. Е, еркіндікті сезіну үшін де биікке көтерілу керек екен ғой деп ойлады Сәттібек іштей.

Жай айтылған бос сөз емес екен, біраз жүрген соң үйілген тас оба да көрінді. Сол үйінді тастарға әлдекімдер ақ шүберек байлап кетіпті. Кімдер екен? Ол да жұмбақ.

Бұл жерде жатқан сүйек Жәнібек бабасы ма, басқа біреу ме, кім білсін. Жазу да, үйілген қара тастан басқа еш ишара да жоқ. Әйтеуір, кім болса да тегін аруақ емес.

Байқуат молда тізе бүгіп құран оқи бастаған сәтте Сәттібектің бойына түсініксіз діріл жүгіріп, денесі қалшылдады. Іштей сыбырлап мұң-шерін шығара беріп еді, сол шермен қосып қай жылдан, қай ғасырдан қорланып келген, өз бойында оның барын да білмеген мол сезім, әлденендей бір өкініш-арман ыстық жас болып еріксіз ыршып жатты...

Сәбеттік кезеңнің кемесі де келмеске кеткен. Жаңа заман, жаңа тұрмыс басталған. Сәттібектің екі ұлы, үш қызы өсіп ер жетіп, өмірден өз жолдарын тапқан. Үлкен ұлы Төлбасы қара шаңырақтың қожасы. Асығы оңынан түскен бизнесмен, мыңғыртып мал өсірген, жайқалтып егін еккен фермер. Байлық осыған қонды. Байлығын бұтына басып елден тыққан жоқ. Ауылдың бірнеше көшелеріне жарық тартып, асфальт төсеп, бір көшеге Мырзағұл атасының атын бергізіп, таллай кемшін жандардың, ағайын-көршінің үйлерін жаңартып, еңсесін көтерді. Өзі оқыған мектебін аялап жылда керек жарағын толықтырып, жөндеп, әрлеп, сырлап береді. Үш қыз Талдықорған, Алматы, Астана қалаларында тұрады, қызметте, күйеулері де шетінен дөкей. Төлеген ғылым жолында, тарихшы, Алматының бір университетінде дәріс оқиды.

Сәттібек пен Құлғайша да бақытты өмір сүріп, дәм-тұзы таусылған соң кезегімен Мырзағұл атаның жанына барып жайғасқан.

Төлеген «Қазақ, қалмақ хандықтарының дипломатиялық қарым қатынасы» тақырыбына докторлық диссертациясын дайындап жүріп қытай архивтерін біраз ақтарып, төңкерді. Сол сапардың бірінде Үрімжі қаласында бөгелген еді. Қасында Ербол деген тілмеш жігіт бар, бір күні Үрімжінің орталық өлкетану музейін бір сүзіп шықпақ болды. Музейдің темір шарбақ қақпасы әлі ашылмапты. Ар жағынан аласа бойлы дембелше адам келіп: «Сіздер ертерек келіп қойдыңыздар, кішкене күте тұрыңыздар,- деді, қазақ тілінде. Бұлардың қазақша сөйлеп тұрғанын естісе керек. -Мен осы музейдің күзетшісімін,- деп, өзін таныстырды.

-Сіз қазақсыз ба?-деп сұрады Төлеген, жай, әңгіме жалғастырғысы келіп.

-Жоқ, мен қалмақпын,-деп, күзетші бұлардың алдында кінәсі бардай күмілжі жауап берді.

Төлеген қалмақтың жирен сары жүзіне, көкшіл көздеріне таңырқай қарады. Мынау оның түсінігінде қалыптасқан классикалық қалмақ бейнесінің үлгісінен гөрі, татар, орыс бейнесіне көбірек сәйкес келетін сияқты. Ее, бұл да тағдыр мен табиғаттың бір ойыны ғой деп түйді.

-Қазақша қайдан білесіз?

-Е, қайдан білмейін, Шәуешек жақта қазақ арасында өстім, мектепте қазақша оқыдым, қазақпын деп айтсам да артық емес. Сіздер қай жақтан боласыздар?

-Мен Қазақстаннан, Алматы қаласынанмын, бірақ шыққан тегім Алакөл көлі жағынан, Шыбынды тауының етегіндегі елденмін. Сіздің Шәуешектің батыс жағынан.

Шыбынды тау деген сөзді естігенде қалмақ басын тік көтеріп алып, әлдене ойына түскендей дегбірсізденді.

-Шыбынды тауы дейсіз бе... Менің атам бала кезімде Шыбынды деген таудың жотасында Зангир атамның бейіті бар, соған бір барып тасын құшақтасам-ау,- деп, өксіп, өмір бойы армандап отырушы еді. Арманына жете алмай-ақ кетті.

Апырай,-деп ойлады Төлеген,- бір замандарда көшпенділердің соңғы екі империясы, қазақ пен қалмақ хандығы бір-бірімен соғыспай, керісінше, саяси одақ құрып күш біріктірсе ғой, қалмақ қытайға, қазақ орысқа бодан болып сан ғасыр жолы кесілмес еді. Сонда да, құдай қолдап қазақ құлдықтан шықты, ал Жоңғар мемлекеті мүлде құрып кетті. Егер қалмақ хандары, қалмақ дипломатиясы сол саяси қателікті жібермегенде тарих дөңгелегі басқаша айналар еді ғой. Амал қанша, өткен іс өтті, болары болды...

2024 жыл.

Ұлағат

Ұстаздық адамның туа бітті жаратылысынан келетін мамандық. Осы мамандыққа жалақы алу үшін, күнкөріс үшін баратындар – ұрпақтың соры. Басқа мамандықта, бәлкім, кеткен қатенді түзетуге болар. Ал ұстаз бола жүріп қате жіберсең оны түзету қиын. Сол болмашы қателігің шәкіртіңнің жүрегің жаралауы мүмкін, ақты қаралауы мүмкін, дарынсызды даралауы мүмкін, таланттыны тасада қалдыруы мүмкін. Әдіскер мұғалім, Қазақстан Республикасы Халық ағарту ісінің озық қызметкері, Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгінің иегері Нұрекенова Жамбытай Нұрекеқызы бүгінгі жетпіс бес жастың биігінен өткен күндеріне көз жүгірткен сәтінде мектеп мұғалімдерінің арасында осы мамандыққа жүрек қалауымен келгендермен қатар кездейсоқ келгендердің де кездесіп қалатынын жоққа шығармайды.

Жазақы ұстаз - аратылысынан



Расында да диплом алғанның барлығы мұғалім деген атаққа сай бола алмайды. Бала сені мойындамаса өзіңді қалайша ұстаздар сапына қоясың?! Ол мамандықтың шыңы жақсы сабақ беруіңмен ғана шектелмейді. Мамандығыңды жақсы көруің, баланы жақсы көруің алғашқы күннен бастап сезіліп тұрады. Ой өрісің, сөйлеу мәнерің, киім киісің көзге көрінбей шәкіртіңе сіңіп кететін рухани нәр. Сол нәрдің бірінен құр алақан қалсаң ұстаздық тұлғаға мін емес пе? Жамбытай Нұрекеқызы мұғалімдермен сұхбаттасқанда осы мәселеге ерекше мән береді.

1949 жылы Бөрлітөбе ауданының Қарашыған елді мекенінде дүниеге келген ол 1957 – 1960 жылдары осындағы бастауыш мектепте, 1960 – 1967 жылдары Үлгі колхозындағы ВЛКСМ – нің 30 жылдығы атындағы мектепте білім алды. Алаңсыз бала көңіліне жұмақтың төрі осы жерде секілді елестейді. Балығы тулаған, аң-құсы шулаған, ну тоғайы, қалың қамысы, жыңғылы мен шеңгелі, жидесі мен тораңғысы жарыса өскен Шұбартүбек өңіріне жететін жер жоқ сияқты ол үшін.

Әкесі Тұрымбайұлы Нұреке мен анасы Бөлендіқызы Жамалдың отбасында 3 бала тәрбиеленді. Туған жері Лепсі көмекші шаруашылығында 8 жылдық орыс мектебі болатын. Мұнда тек бастауыш сыныптар ғана қазақ тілінде оқытылатын. Осы жерден 3-ші сыныпты бітірген соң, Үлгіге барып оқығаны есінен шықпайды. Алғашқы әліппені жаттатқызып, қолына тұңғыш қалам ұстатқан бастауыш сыныптағы ұстазы марқұм Қанаш Молдахметов еді. Ол кезде Үлгі колхозында 10 жылдық мектеп болғандықтан жан-жақтан білім іздеген оқушылар сол мектепке жиналатын. 1 Май колхозынан, «Красный рыбак» колхозынан, Қарашығаннан келіп көптеген балалар интернатта тұрып оқитын.

Жоғарғы сыныпта қазақ тілі мен әдебиетінен Ердембек Молбаев, сынып жетекшісі Секербек Жаналин, физик Мырзабай ағай, тарихшы Шайзада ағай, орыс тілі мен әдебиет пәнінен беретін Тасқия Сыбғатқызы, әскери пән мұғалімі Шәкі Ошақбаев есімдері болашақ мұғалімнің жүрегіне жатталғаны сөзсіз.

-1967 жылы оқуды бітірісімен ар-

ман қуып, сол кездегі жастар сияқты анамның ақ батасын алған соң мен де Алматыға аттандым,-дейді арманшыл жасөспірім кезін еске алған Жамбытай Нұрекеқызы. -КазПИ-дің филология факультетіне оқуға түсіп, арман-тілегім орындалды. Сондағы анамның қуаңғанын сөзбен жеткізе алмаймын. Ол кісінің де тілегі қабыл болған сияқты. Алғашқы еңбек жолымды Ерікті орта мектебінде Әбеуова Қаншатай Әбеуқызының қол астында бастадым, ары қарай Ақтоғай стансасындағы №251 теміржол мектебінде Бабаханов Жұмағали Жақыпбекұлы, Құрманғалиев Омархан Алпысбекұлы сияқты мықты басшылардың қарамағында жұмыс істеп ысылып, тәжірибе жинақтадым.

Жылдар жемісін ала келді. Жас маманның біліктілігі елеусіз қалмады. 1977 жылы аудандық оқу бөліміне қызметке шақырылды. 1977-1988 жылдары Бөрлітөбе аудандық оқу бөлімінде әдістемелік кабинет меңгерушісі болып, аудандық оқу бөліміне жетекшілік еткен Мұқатай Иманбаев, Ақан Байбури ағаларымен, Нұртай Ршымбетовпен бірге қызмет атқарды.

Ол кезде ауданға қарасты 12 мектеп, 7 балабақша, 5 мектеп-интернат жұмыс істейтін. Мектептердің білім сапасына, балалардың дұрыс демалуы мен тәрбиеленуіне ерекше көңіл бөлетін және партия, кеңес органдары тарапынан қатты бақыланып отыратын. Сондай-ақ, әдістемелік кабинетте Фарида Қабденқызы, Фатима Мұраталиқызы, Баян Асқарбекқызы, Жеміс Мансұрқызы, Гүлбану Кулчиқова, Ләйля Тәкішқызы, Бақыт Абдрахманова сияқты методистер және Болат Майшынов, Марат Дақубаев сынды инспекторлар мектептерге әдістемелік көмек көрсету, инспекторлық бақылау жұмыстарын жүргізді.

1988 жылы өмірлік жолдасы Болат Есенғалиұлының облыстық ішкі істер басқармасына қызметке ауысуына байланысты Талдықорған қаласына келіп осындағы №17 экспериментальді мектепте атақты Белоруссия профессоры В. Кочетовтың қарамағында мектеп оқулықтарына апробация жасау, оқу тәрбие саласында ғылыми-тәжірибелік жұмыспен шұғылданған ол 1990 жылы облыс орталығы Талдықорғанда тұңғыш қазақ мектебі

болып ашылған Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназияға директордың ғылыми-әдістемелік орынбасары қызметіне тағайындалды. Егемендік алған алғашқы жылдар еліміз үшін қиыншылығы көп болса да ертеңнен үміт күткен елмен бірге мектеп ұстаздары да жас ұрпаққа білім беруге күш-жігерін аямады.

-Бірде бір мұғалімнің оқушыларды өзіне тарту үшін бағаға жомарттық танытатынын байқадым. Журналдағы қаптаған бес пен төртті көріп жас әріптесіме: «Бағаны асыра қойып абырой жинаймын деуің қателік, қайта ол сенің беделіңді түсіреді. Беске оқитын оқушы білімі өзіне маңайламайтынның жоғары балл алғанына қалай қарайды? Әділдікке нұқсан келтіріп жүрген жоқсың ба?» деп ескерту жасағаным бар. Кейіннен ол кабинетіме арнайы келіп, қателігін түзегеніме зор алғыс айтты,-деп өткеннің ойлы-қырлы өткелектерінен сыр шертеді ұлағатты ұстаз.

Өмірін ұстаздықпен ұштастыра отырып Жамбытай апай бақытты отбасын құрды. Жолдасы Болат Молдабеков білікті заңгер, әділет полковнигі, қазіргі кезде І.Жансүгіров атындағы университетте жоғарғы экономика және құқық мектебінде оқытушы болып қызмет атқарады. «Бала деген жүрегіңнің бөлшегі, бала деген өміріңнің өлшемі», -дегендей үш ұлдан алты немере, бір шөбере көрді. Үш ұлы да әке жолын қуып «заңгерлік» мамандықты таңдады.

- Ұрпағымыздың келешегінен үлкен үміт күтемін, өз еліне абыроймен еңбек етсе екен,-дейді ұстаз-ана әңгімесінің соңында.

Әркім өз әлемін, өз өмірін өзі құрады. Бәріміздің көкейімізде жүретін бақыт деген ұғым сол әлемнің бір кірпіші ғана. Бақытты шарқ ұрып басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Әр адам өз бақытын өз отауының ішінде өзі жасайды. Жан сарайы жақсылықпен жаңғырып тұратын, барына қанағат ететін, бақыт дегенді балаларым деп бағалайтын отбасының алтын діңгегі Жамбытай апай айналасына көркем мінезімен үлгі болып келеді.

Жомарт ИГИМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

"Алдында қартың болса, жазылып қойған хатпен тең" дегендей Ардагерлер үйінде бас қосып, игі шараларға өз үлестерін қосып жүрген Асқарғалиева Шолпан Қабдолдақызы, Таймасова Күләндә Мұқатайқызы, Сүдірбаева Есбала Байболатқызы, Тоқпақова Бақытжан Аблыхалимқызы, Есімова Айшолпан Мұқанқызы, Садықов Сәкен Батқалұлы, Сасанбаев Жәлел Болатханұлы, Қарабаева Майра Сағымбекқызы, Ахмадиева Райкамал Рахметқызы, Әлиева Роза Хаджымқызы, Рахметова Сағила сынды ардагерлер шексіз, шетсіз аяқталмайтын қоғамдық жұмыстардың көш басында жүруі, айтары бар ел ағасы екенінің айғағы. Бұл ардагерлер шақырған жердің қонағы емес, өнегесімен үлгі болған жандар.

Ардагерлер аудандық тіл оқыту орталығы, ішкі саясат бөлімі, «Аманат» партиясы, Мансап орталығы, аудан, ауыл кітапханашыларымен тығыз байланыс орнатып, өздері де сол ортаның қазанында қайнап жүрген абзал жандар. Ақшамен есептелмейтін рухы мығым жандар, жастарға берері мол, білімі де, тәжірибесі барына мақтан етеді. Ардагерлерді

ҚАРТТАРЫМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

Ежелгі Эллада елінде "Жастарға көрген білгенін айтпаса, Еғалардың өздері кінәлі" дейді екен. Қай қоғамда да, қай заманда да аға ұрпақ білім-білігін, өмірлік тәжірибесін жастарға беру арқылы қоғам дамып, өркеніет жалғасып келеді. Ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген ардагерлер күні бүгінге дейін қоғамдағы өмірге белсене араласып, ауданымыздың елеулі азаматтарымен үзеңгілес болуда. Құрметті демалыста болса да, ардагерлер белсенді өмір салтын жүргізіп жүргені ұрпаққа үлгі. Олардың оптимизмі мен өмірге деген қызығушылықтары құрмет тұтуға лайықты.

құрметтеуде тарих пәнінің мұғалімі, қоғамнан өз орнын таба білген Идирисов Рүстем Бейсембекұлы "Сіздер қазыналы кітап сияқтысыздар, оқылмай, шаң басып сөреде қалмай, бізге, жастарға ақылшы, тәлім беруші болып жүріңіздер" деген сөзі ардагерлерді жігерлендіре түскендей еді. Ардагерлердің еңбегі еленсе, құрмет көрсетілсе содан артық бақыт бар ма?!

Аудан ардагерлерін 1 қазан - халықаралық қарттар күніне орай аудан

әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлы мереке аясында дастархан жайып, құрмет көрсетіп, еңбегімен еленіп жүрген К.Таймасова мен Т.Рахметқалиеваға «Сарқан ауданның Құрметті азаматы» атағын салтанатты түрде табыстауы құрмет пен ізгіліктің символы.

Ардагер де шығармашыл қоғам адамы. Жуырда облыс көлемінде өткен "Үздік әже" байқауына Ұ.Смаханова қатысып жүлделі орын алып, Жетісу телеарна-

сына сұхбат беріп, аудан ардагерлердің мәртебесін көтеріп қайтты. Ардагерлер таусылмайтын кен, алда көрегіңе жарат дегендей, асыл қазынаны көре білген Аманбектер негізгі орта мектебінің директоры Бохон Жансерік Бөкенұлы аудандық семинар өткізіп, мұғалімдерге, жас ғалымдарға зейнеткер ұстаздардың тәжірибесін үлгі етіп ұсынуы ардагер ұстаздардың білім жолында әлі де үлесі мол екенінің жарқын дәлелі болды. Қай қоғамда болмасын дана биден бала би сабақ алып, ұлттың ұлылығын паш етіп, тарих беті жаңартылып отырған. Тарих бетінде өзіндік орны бар ардагерлеріміздің өнегелі өмір жолы, ерен еңбегі, бай тәжірибесі ұрпаққа үлгі.

Қадыл ЖАНАСБЕКОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің
төрағасы.

Жемқорлық көріністеріне жол бермейік



Сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп, небір тегеурінді қарсылықтарға қарамастан, қайда көп қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын қатты алаңдатып отырғаны анық. Ықылым заманнан бері өз шенін жоғарылату, ешбір қиындықсыз кез-келген нәрседен өтіп кету, болғанды болмағандай етіп шығару секілді көзбояушылық жемқорлықтың әрекеті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық шауып тастайтын өсімдік емес, бұл тамырын тереңге жайған, қоршаған ортаның сау органдарын шырмап, тынысын тарылтатын қауіпті кесел. Кез келген тұлға біреуге сыйақы ұсынып жатқанында өзінің сыбайлас жемқорлыққа барғанын сезінбейді. Ол үшін ең маңыздысы өз ісінің оң шешімін тапқаны болып табылады. Сол себептен бұл күресте әр адам өзін психологиялық тұрғыдан дайын болғанда ғана бастаған жөн. Әрбір адам ар-намысы, абыройының алдында таза боламын деп өмірлік ұстаным ұстанса ешқашан жемқорлыққа жол бермейтіні анық. Сонымен қатар заң алдында барлығының мәртебесі тең екенін ешқашан естен шығармаған абзал. Демек, тәртіп – қатаң, заң – ортақ.

Қоғам дамуының жаңа жолын таңдап, уақыттан туындаған түрлі кеселдерден айығуды міндетті күн тәртібіне айналдырғанымыз жөн. «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ», деп қара қылды қақ жарып, турасын айтып, әділдікке жүгінген халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып, дамыған мемлекеттердің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге тиіспіз.

Д. ҚАЛИБЕКОВ,
«Ақсу ауданаралық мәжбүрлеп орындату аумақтық бөлімі» филиалының сот орындаушысы.

Ауыл шаруашылығы

Мол өнім негізі қалануда

Бүгінгі таңда істің қиюын келтіріп, әр салада өз кәсібін дөңгелетіп отырған жандар аз емес. Еңбекті жанына етене тұтып есейген, жеке шаруа қожалығын ашып, ауыл шаруашылығымен қатар мал шаруашылығын өрістетіп отырған жандардың бірі Алмалы ауылындағы "Бекишов" шаруа қожалығы. Аталмыш қожалыққа Ерлан Төлеубайұлы Бекишов жетекшілік етеді.

Біз барғанда майбұршақ алқабындағы қызу қарбаласқа куә болдық. Алып комбайндар майбұршақ дақылы өскен алқапты шауып, КамАЗ автөкөліктеріне тиеуде. 1997 жылы құрылған шаруа қожалықтың иелігіндегі 240 гектарға арпа-бидай, 150 гектарға балтамыр, 30 гектарға 90 күндік және 120 күндік қытай бұршағы өнімін егіпті.

Алқап басында қарбаласпен жүрген қожалық жетекшісі Ерлан Бекишов бізді атқарылып жатқан жұмыс барысымен таныстырды. Көктемгі егіс дала жұмыстарына 15 адамды тұрақты жұмыспен, қосымша маусымдық 5 қызметкер алатынын да мәлімдеді.

-Биылғы жылдың өнімі жақсы, қант қызылшасын гектарына 8 центнердей алдық. Қытай бұршағына келетін болсақ, егілген өнімнің шығымы жаман емес, 30 центнердей аламыз деп отырмыз. Тек



дайын өнімді өткізу бағасы көңілдегідей болмай отыр, себебі баға тұрақсыз болып тұр. Дайын өнімді бастапқыда Алматы қаласындағы «Вита соя» АҚ-на өткізетінбіз, кейіннен әр түрлі себептерге байланысты Көксу ауданындағы «Үыз Май Индастри» ЖШС-не жөнелтудеміз,- дейді Ерлан Төлеубайұлы.

Биыл шаруа қожалық ауыл шаруашылық жұмыстарын ойдағыдай жүргізу үшін шаруаға қажетті техникалармен толық қамтамасыз етіліпті. Атап айтқанда 2 КамАЗ автөкөлігі, 2 CLAAS комбайны, 8 тракторы басқа да қажетті техникалары бар. Сонымен қатар «Монопил» атты тұқым сепкішін алған. Дала төсіндегі еңбеккерлердің ісіне тәнті болып, олардың атқарып жатқан жұмыстарына сәттілік тіледік.

Аудан әкімдігінің ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі басшысының

орынбасары Айгүл Абдраимова берген мәліметке сүйенер болсақ, ағымдағы жылы аймақта майлы дақылдар 19 974 гектар алқапқа себілді, жиналғаны 14 873 гектар, орташа өнімділігі гектарына 16,8 центнерді құрады, жалпы түсім 24 973 тонна. Оның ішінде: қытай бұршағы 13 468 гектар, жиналғаны 9500 гектар, орташа өнімділігі гектарына 19,0 центнер, жалпы түсім 18072 тонна, мақсары 273 гектар, жиналғаны 273 гектар, орташа өнімділігі гектарына 9,6 центнерді құрап отыр, жалпы түсім 262 тонна. Күнбағыс болса 6233 гектар, жиналғаны 5100 гектар, орташа өнімділігі гектарына 13,0 центнерді құрады, жалпы түсім 6640 тонна. Бүгінгі күні осы бағыттағы жұмыстар қарқын алуда.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын мақсат-міндеттерінің ең бастысы — қоғамда өз орнын таба білген саналы, салауатты ұрпақ тәрбиелеу.

Жасөспірімдерге адамгершілік-рухани тәлім-тәрбие беру, болашағына бағыт-бағдар көрсету бүгінгі қоғамның басты мәселесі деуге болады. Дегенмен балаға дұрыс тәрбие беру оның іс-әрекеттеріне шектеу қою дегенді білдірмейді. Оқушылар рухани-адамгершілік қасиеттерді, мінез-құлқын өз іс-әрекетінде, яғни қоғам ортасында тіршілік етуде қалыптастырып, ерікті таңдай білгені дұрыс.

Жалпы, бала – ата-анасының игі істерінің жалғастырушысы, болашағы. Бала тәрбиесі – ата-ана үшін күрделі де, жауапты міндет. Жас шыбық иілгіш болса, жас адам да сондай жақсыға да жаманға да бірдей бейім болатыны баршамызға мәлім. Ата-ананың үйіндегі әрекеті балаларының көз алдында өтеді, сондықтан жақсы, жаман әдетіміздің бала тәрбиесіне ықпалы зор. Әрбір ата-ана – өзінің баласын Отанға пайдалы,

Бала тәрбиесі – қоғамның басты міндеті

мейрімді, еңбекқор, адамгершілігі мол адам етіп тәрбиелеуге халық алдында да, мемлекет алдында да жауапты. Бірде-бір ата-ананың бала тәрбиесіне немқұрайды қарауға еркі жоқ. Егерде ол, бала өсіруде қате жіберсе, осалдық байқатса, қартайғанда опық жейтіні, өкінішке ұрынатыны ешбір дәлелдеп жатуды қажет етпейтін ақиқат.

Бала тәрбиесі туралы сөз болғанда: «Баланы жастан» – деген халық даналығын ұмытуға ешкімнің хақысы жоқ. Сондықтан, «бала жас, әлі ешнәрсені білмейді, өсе келер бәрі түсінеді», – деп қарау – барып тұрған қателік. Бала тәрбиесі – әр сағат, әр күн сайын тынымсыз жүргізіле беретін аса жауапты, күрделі процесс. Тәрбие отбасынан ба-

сталады, оны қоғамдық тәрбиенің қандай саласы болса да алмастыра алмайды.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші, ата-ананың күн сайынғы атқарып жүрген жұмысы, қоғамдағы іс-әрекеті, бала тәрбиелеудегі көзқарасы жасөспірімнің қалыптасуына әсер етпей қоймайды. Балалардың үлкендер не айтса соны айтқысы, не істесе соны қайталағысы келетіні белгілі. Демек, ересектердің қоғамдағы жағымды әрекеттері мен қасиеттері жасөспірімдер үшін үлгі, тәлім болмақ.

Х.ДУВИЕН,
Абай атындағы мектеп-гимназияның мектепалды даярлық сыныбының жетекшісі.

Конкурса шығарылатын, ауыл шаруашылық мақсаттағы жер учаскелерінің тізімі

Table with 10 columns: No, Жер учаскелерінің орналасу аймағы, Ауыл шаруашылық түрі, Жер учаскесінің аясы, га, Жер учаскесінің пайдалану мақсаты, Топырақтың сипатталуы, Бонитет балы, Сумен қамтамасыз етілуі, Оңірін ауыл шаруашылық мақсатындағы пайдалануы, Құжат түрі. Rows include districts like Сарқан ауданы, Жайылым, Аманжол ауданы, Аманжол ауданы, Аманжол ауданы, Аманжол ауданы, Аманжол ауданы, Аманжол ауданы, Аманжол ауданы, Аманжол ауданы.

Шаруа немесе фермер қожалығын жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс жариялау туралы хабарлама

Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы № 518 бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 15 күнтізбелік күннен кейін, 10 жұмыс күні ішінде, 18 қарашадан 29 қарашаға дейін қабылданады. Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тынышбаев көшесі № 8, Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөліміне табыс етеді.

Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: 2024 жылдың 29 қараша айының 18 сағат 30 минутқа дейін.

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер 2024 жылдың 2 желтоқсан күні 10 сағат 00 минутта мына-мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі №111, аудан әкімдігінің үлкен мәжіліс залында.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде:

- 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;
2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;
3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;
4) конкурстық ұсыныс;
5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

- 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру аландары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);
2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;
3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс аландары құрылымын ертарандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.
Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертте ұсынылады.
Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және "жылғы _____" дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетіледі) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72839) 2-16-72, 2-17-93 телефон арқылы хабарласуға болады.

Сарқан ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі.

Перечень земельных участков сельскохозяйственного назначения, выставляемых на конкурс

Table with 10 columns: No, Место расположения земельного участка, Вид сельскохозяйственного назначения, Площадь земельного участка, га, Целевое назначение земельного участка, Категория земель, Баллы, Подлежность, Сведения о кадастровой стоимости, Вид права. Rows include districts like Аманжол ауданы, Сарқан ауданы, Сарқан ауданы, Сарқан ауданы, Сарқан ауданы, Сарқан ауданы, Сарқан ауданы, Сарқан ауданы, Сарқан ауданы, Сарқан ауданы.

Извещение о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства

Сарканский районный акимат в соответствии со статьей 43-1 Земельного Кодекса Республики Казахстан и Приказа № 518 от 20 декабря 2018 года Заместителя Премьер-министра Республики Казахстан - Министра сельского хозяйства Республики Казахстан «Об утверждении Правил организации и проведения конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства», в районной газете «Сарқан» и интернет-ресурсе Акимата Сарканского района объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

Заявки на участие в конкурсе (конкурсная документация) будут приниматься по истечении 15 календарных дней после публикации, в течении 10 рабочих дней; с 18 ноября по 29 ноября, по адресу: область Жетісу, Сарканский район, г. Сарқан, улица Тынышбаева №8,) в кабинете отдела сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.

Прием заявок на участие в конкурсе (конкурсная документация) заканчивается : 29 ноября 2024 года, в 18 часов 30 минут.

Вскрытия конвертов с конкурсной документацией будет проведена 2 декабря 2024 года в 10 часов 00 минут (область Жетісу, Сарканский район, г. Сарқан, улица Тауелсиздик №111) в большом зале районного акимата.

Заявка на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства должна содержать:

- для негосударственных юридических лиц Республики Казахстан – наименование юридического лица, его место нахождения, сведения о государственной регистрации (перерегистрации) в качестве юридического лица, сведения о руководителех и участниках или акционерах заявителя – юридического лица с указанием размера их доли в уставном капитале (от общего размера уставного капитала), сведения об аффилированных лицах заявителя;
для физических лиц – фамилия, имя и отчество (если оно указано в документе, удостоверяющем личность) заявителя, место жительства, гражданство, индивидуальный идентификационный номер, сведения о документе, удостоверяющем личность заявителя;
местоположение земельного участка, на который претендует заявитель;
конкурсное предложение;
обязательства по заключению договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства либо сельскохозяйственного производства в течение трех рабочих дней со дня получения уведомления о необходимости подписания указанного договора в случае признания заявителя победителем конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.
Заявку на участие в конкурсе по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства могут представлять уполномоченные представители физического лица или негосударственного юридического лица Республики Казахстан на основании доверенности, выданной и оформленной в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Конкурсное предложение должно содержать:

- бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалификации специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);
обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;
обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая правила рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований.

Конкурсное предложение представляется в закрытом конверте в прошитом виде с пронумерованными страницами, за исключением случаев его подачи посредством веб-портала "электронного правительства".

Обязательства и бизнес-план, предложенные заявителем в конкурсном предложении, являются неотъемлемой частью договора временного возмездного землепользования (аренды) земельного участка сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства.

В заявке и на конкурсном предложении не должно быть никаких вставок между строками, подтирок или приписок, за исключением тех случаев, когда участнику необходимо исправить грамматические или арифметические ошибки.

В закрытом конверте конкурсному предложению указывается надпись "Конкурс по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) для ведения крестьянского или фермерского хозяйства, сельскохозяйственного производства" и "Не вскрывать до: _____ года" (указывается точная дата).

Для получения дополнительной информации и справок звоните 8 (72839) 2-17-93, 2-16-72 (районное управление земельных отношений).

Отдел сельского хозяйства и земельных отношений Сарканского района.



Кітапханашылар марапатталды

«24 қазан – Кітапханашылар күні» мерекесіне орай жуырда Дәнеш Рақышев атындағы филармониясында Жетісу облысының С.Сейфуллин атындағы орталық кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітапханашы – мәртебелі мамандық» салтанатты кешінде кәсіби мереке аясында Сарқан ауданының бірқатар аталмыш сала қызметкерлері марапатталып, мерейлері есіп қайтты.

Пограничник ауылдық кітапханасының кітапханашысы Раймбекова Жанар Абилханқызы мен Шатырбай ауылдық кітапханасының кітапханашысы Айтпосынова Раушан Келесқызы ҚР Ұлттық кітапханасының Қазақстандық кітапханалық одағының «Қазақстанның Құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталса, ҚР Ұлттық кітапханасының «Құрмет грамотасына» Сарқан аудандық кітапхана бағдарламашысы Қажыкен Баян Талғатбекқызы ие болды. Ал ҚР Ұлттық кітапханасының «Алғыс хаты» Лепсі ауылдық кітапханасының меңгерушісі Қайржанова Мадина Қайржанқызына табысталды.

Кітапхана дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының құнды сырларын сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің нағыз киелі ордасы. Кітапхана оқырман үшін үлкен өмір мен тәрбие мектебі. Сырға толы сансыз жауабы табылмаған сұрақтың шешуін тапқан қайталанбас білім ошағы. Осындай мерейлі мереке аясында зор құрметке ие болған құрметті әріптестерімізге марапаттарыңыз құтты болсын, кәсіби мейрам - кітапханашылар күні көңіл көкжиегімізді өсірсін дегіміз келеді!

Айсұлу СЕЙПОЛДИНА,
аудандық кітапхана әдіскері.

Еен туған күн, мерекеңмен!

Қарауылтөбе орта мектебінің ұстазы **Қасымбаева Гүлнар Жеңісқызын** 50 жас мерейтойымен құттықтаймыз! Сізге осы қуанышты сәтте өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жолдастарыңызға қадірлі де сыйлы болуды тілейміз! Өрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толы, аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық қуанышыңыз мол болсын! Жүзіңіз күндей күлімдеп, жүрегіңіз жаздай жайнасын. Шаңырағыңызға шаттық ұялап, босағаңыздан қызық-қуаныш арылмасын!

Елу деген толы той мен думанға,
Тау секілді көрінеді тұлғаң да.
Құшақ-құшақ гүлін алып келіпті,
Ақ көңілмен туған- туыс, ұжымдас.
Елу деген – ес тоқтату, есею,
Елу деген – елдің жүгін көтеру.
Туған күнмен құттықтаймыз өзіңді,
Қанжығаңа ілінсін деп қос елу.

Ізгі тілекпен: Қарауылтөбе орта мектебінің ұжымы.



Оймақтай ой

Жеміс өсіп тұрған
ағашқа ғана тас атылады.

Кеше тақпаған галстугыңды
бүгін тағып бара жатқаның не?
Кешегілер ойыма қарайтын
еді, бүгінгілер мойныма
қарайды.

Қамбарбек Айдана Маратқызы-
ның атына ҚР ІІМ-нен 18.09.2024
жылы берілген жеке куәлік
жоғалуына байланысты жарамсыз
деп танылсын.

СӨЗЖҰМБАҚ

Қазақстан

Қ							
	а						
		л					
			а				
				л			
					а		
						р	
							ы

Виды пород культурных яблонь

В Сарканском лесном питомнике произрастают различные виды культурных яблонь: такие как Апорт алматинский, Заилийский апорт, Апорт кроваво-красный, Золотой превосходный, Лимонка, Кандиль, Салтанат под такими именами называемыми в народе ярко выраженными цветами, с приятным запахом. Эти сорта в питомнике произрастают на площади в 21,84 гектара. За ними производится уход полив яблонь также обкопка междурядий и в рядах, для дальнейшего сбора и реализации населению. Также проводится их обработка биопрепаратами для того чтобы яблочки были здоровыми и не повреждались всевозможными вредителями и болезнями.

Окулировка яблонь также производится в лесном питомнике за основание берется наша знаменитая яблоня Сиверса прародительница всех яблонь, она славится своей устойчивостью к болезням мощной корневой системой, также она долго живет по сравнению с другими яблонями. Таким способом происходит выращивание яблонь с различными сортами и вкусовыми качествами яблонь на собственные нужды в питомнике.

А.ТАКЕЕВ,
РГУ «Жонгар Алатауский» ГНПП
гос. инспектор обхода № 40,41.

Қар барысының мекендейтін ортасы

Қар барысы (Panthera uncia) – Орталық және Оңтүстік Азияның биік таулы аймақтарында сирек кездесетін жыртқыш аң. Ол табиғаттың көркем және күшті жаратылыстарының бірі бола тұра, бүгінгі таңда жоғалу қауіпіне тап болып отыр.

Жыртқыш аңның негізгі мекендеу ортасы – биік таулар, әсіресе альпі белдеуі мен субальпі белдеулер. Мұндай аймақтардағы қатал климат пен қиын табиғи жағдайлар барыстарды тіршілікке бейімделуге мәжбүр етті. Бұл жерлердегі табиғи экожүйелер қар барысы үшін тамақ көзі, баспана және көбею үшін маңызды аймақтарды қамтамасыз етеді.

Қар барысының мекендеу ортасы адам әрекеттерінен үлкен қауіпке ұшырауда. Ормандарды кесу, ауыл шаруашылығының кеңеюі, жолдардың салынуы және инфрақұрылымдық жобалардың дамуы осы жыртқыштың мекендеу ортасын қысқартып, олардың табиғи аумағында тіршілік етуіне кедергі келтіреді. Сонымен қатар, климаттың өзгеруі де қар барысының мекендеу ортасына әсер етуде, олардың негізгі азықтық ресурстарының азаюына және миграциялық жолдарының бұзылуына әкеліп соғуда.

Қар барысының мекендеу ортасын



қорғау үшін көптеген халықаралық және жергілікті бастамалар қолға алынуда. Бұл бастамалардың негізгі мақсаты – қар барысының тіршілігін қамтамасыз ету және олардың табиғи мекендеу ортасын сақтау. Олардың қатарында қорғалатын аумақтарды құру, экологиялық мониторинг жүргізу, жергілікті халықты ақпараттандыру және табиғатты қорғау шаралары бар.

Қар барысы – мысық тұқымдасына жататын жыртқыш аң. Дене тұрқы 125 – 135 см, биіктігі 60 см (шоқтығынан алғанда), құйрығы 90 – 100 см, салмағы отыз – қырық килограммдай. Түсі көк сұр, теңбіл шұбар, сақина тәрізді дөңгелек қара

дақтары бар, жүні ұзын әрі қалың.

Қазақстан мен Орталық Азияның биік тауларында (2000 м-ден астам) кездеседі. Оның ең көп жүретін жері – басын мәңгі қар басқан тасты тік беткейлер мен қиялар. Қыста қар қалың түскенде, барыс таудың орманды белдеуіне дейін төменге түседі. Барыс тұяқты жануарларды, әсіресе, арқарды, тау текені, тау ешкілерін, еліктерді, ал құстардан ұлар мен кекіліктерді ұстап жейді.

Қазақстандағы барыстың саны жүз сексен – екі жүздей. «Жоңғар-Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ аумағында қар барысының саны 30-ға жуық.

Қар барысының мекендеу ортасын қорғау – тек осы сирек кездесетін жыртқышты ғана емес, сондай-ақ, тұтас экожүйені де сақтап қалуға бағытталған маңызды шара. Табиғатты қорғау ұйымдары, үкіметтік бастамалар және жергілікті қауымдастықтардың бірлескен күш-жігері арқылы қар барысының тіршілігі мен олардың табиғи мекендеу ортасын сақтап қалу мүмкіндігі бар. Бұл тек экологиялық маңызы бар міндет емес, сондай-ақ, келешек ұрпаққа табиғаттың ғажайыптарын сақтап қалуға деген жауапкершілік.

Н.АБЖАНОВ,
«Жоңғар-Алатауы МҰТП» РММ
Үйгентас орманшылығының
мемлекеттік инспекторы.